

«Бекітемін»
Әлеуметтік –
Ғылымдар кафедрасы
меңгерушісі PhD, Сеңгірбай М.
«___»_____2016 – 2017 оқу жылы

**Құқық және әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдар
факультеті**

Пән атауы: Қазақстан тарихы

**Тақырып: Қазақстан Қазан төңкерісі мен азамат соғысы
жылдарында (1917-1920 жж).**

Пән оқытушысы:

PhD, аға оқытушы Тұрлыбек Аслан Еділханұлы

Қаскелең 2016

Қазақстан Қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарында

- **Алаш қозғалысы**
- **Үш жүз социалистік партиясы**
- **Қазақстан азамат соғысы жылдарында**
- **Әскери коммунизм саясаты**
- **Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы**
- **Жаңа экономикалық саясат**
- **Жер-су реформасы**

- Уақытша үкіметтің халық күткен аграрлық мәселені шеше алмауы, езілген халықтарға өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін күн тәртібіне қоюға тырыспауы, жұмысшыларға 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу сияқты көкейкесті мәселелерді шешпеуі халық наразылығын одан әрі күшейтті.
- 1917 ж. жазының соңы мен күзінің бас кезінде бүкіл Ресейдің жер-жерінде бұқараның Уақытша үкіметке деген қарсылығы өсе түсті. Бұл Кеңестердегі большевиктердің ықпалының артуына жағдай жасады.
- Ал Корнилов бүлігінің талқандалуы большевиктер беделін біржола көтерді. Осындай жағдайда большевиктер партиясы 1917 жылғы шілде оқиғасынан кейін алынып тасталған “Барлық билік Кеңестерге берілсін” деген ұранды қайта көтерді.

- Енді бұл ұран қарулы көтеріліске, Уақытша үкіметті құлатуға, пролетариат диктатурасын орнатуға бағытталды.
- 1917 ж. 24 қазанда (6 қарашада) Петроградта қарулы көтеріліс басталды. Келесі күні көтерілісшілер қаланың ең маңызды объектілерін басып алды.
- 1917 ж. 25 қазанда (7 қарашада) Әскери-революциялық комитет Уақытша үкіметтің билігінің жойылғандығын жариялады. Осылайша Қазан төңкерісі жеңіске жетті.
- Қазан қарулы көтерілісінің Петроградта жеңіске жетуі, сондай-ақ Қазақстанмен іргелес Ташкент, Омбы, Орынбор, Астрахань тәрізді ірі қалаларда Кеңес өкіметінің орнауы Қазақстанда да биліктің Кеңестердің қолына өтуіне ықпал етті.

- Кеңес өкіметінің Қазақстанда орнауына Ленин бастаған большевиктердің халыққа бейбітшілік, жұмысшыларға зауыт пен фабрика, шаруаларға жер, ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру жөніндегі уәдесі өз септігін тигізді.
- Кеңес үкіметін орнатуға Орал, Жетісу, Сібір, Орынбор казак әскерлері мен құлаған Уақытша үкіметтің жақтастарының табанды қарсылық көрсетуі жағдайды одан әрі шиеленістіре түсті.
- Кеңес өкіметі Уақытша үкіметтің жақтастары қарулы қарсылық көрсете алмаған Сырдария, Ақмола облыстары және Бөкей Ордасында бейбіт жолмен орнады. Ал, Торғай, Орал, Орынбор, Семей және Жетісу облыстарында Кеңес өкіметін орнату үшін қиян-кескі күрес болды.

- 1917 ж. соңы мен 1918 ж. наурызы аралығында Кеңес өкіметі Қазақстанда негізінен қалалар мен басқа да ірі халық тығыз орналасқан жерлерде орнады.
- Кеңес өкіметін орнатумен бірге өлкенің шаруашылығы мен мәдениетін қайта құру шаралары қатар жүргізілді.
- Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін ұлттық, ең алдымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелері өткір сипат алып, талқылана бастады.
- Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының негізгі принциптері маңызды екі құжатта –
 - 1917 ж. 2 қарашада қабылданған “Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы”
және
 - 1917 ж. 20 қарашада жарияланған Кеңес өкіметінің “Барлық Ресей және Шығыс мұсылман еңбекшілеріне” үндеуінде көрініс тапты.

- 1918 ж. қаңтарда кеңестердің Бүкілресейлік 3-съезінде В.И.Лениннің дайындаған “Еңбекшілер мен қаналған халықтардың құқықтары Декларациясы” қабылданды.
- Декларацияда “Кеңестік Ресей Республикасы еркін ұлттар одағының негізіндегі кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы түрінде құрылады” делінген болатын.
- РКФСР құрылғаннан кейін елдің Шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері кеңестік бүкілқазақ, бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындады.
- 1918 ж. көктемінде еліміздің шығысында Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік республикасы құрылды.
- 1918 ж. сәуірдің 20-нан 1 мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезінде іске асты.

- Қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағы (бұрынғы Сырдария және Жетісу облыстары) Түркістан автономиясының құрамына кірді.
- Бірақта 1918 ж. қаңтарда кеңестердің 3 - Бүкілресейлік съезі Ленин дайындаған “Еңбекшілер мен қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында” өзге ұлттардың өзін-өзі билеу құқы жоққа шығарылды.
- Осылайша, әуелі 1918 ж. 5 қаңтарында Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, одан кейін 5 ақпанда Ташкент кеңесі шешімімен Қоқанд қаласы шабуылмен алынып, Түркістан автономиясы күшпен таратылды.
- Мұның өзі шын мәнінде кеңестік мемлекеттікті құру және оны бекіту үшін күрес екендігін көрсетті. Қазақ зиялылары мемлекет құру процесінің кеңестік жолмен шешілуімен келісе алмады.
- Мұндай қарсылықтың себептері мынада еді: **бірінші** - қазақ зиялылары әуел бастан тәуелсіз ұлттық автономия құруды жоспарласа, **екінші** - олар Қазан төңкерісін қабылдамады, сөйтіп Кеңес үкіметін мойындамады, оны заңсыз орнаған үкімет деп есептеді.
- Сондықтан да “Алаш” зиялылары **ұлттық мемлекет** құру үшін күрес жүргізді.



<http://abdsamat.islam.kz/kk/post/qoi-anasyr-jne-bir-kese-altyn-1618/>

15.09.2016. 23:26

Бір күні Қожанасырды пәлен ауылға, жұма намазына уағыз айтуға шақырады. Жұма күні шақырған жерге келген Қожанасыр ауыл тұрғындарына: "Бір кесе алтын берсеңдер ғана уағыз айтамын, әйтпесе, айтпаймын"- деп шарт қояды. Амал жоқ, ауыл тұрғындары ортадан ақша шығарып, бір кесе алтын жинап береді. Алтынды алғаннан кейін Қожанасыр терлеп-тепшіп, жақсылап тұрып уағызын айтады. Содан, уағыз бітіп, жұма намазын оқып болған соң Қожанасыр әлгі алған бір кесе алтынды кері қайтарып береді. Оның бұл әрекетін түсінбеген ауыл тұрғындары:

-Қайтарып береді екенсің, неге алтын сұраттың? - деп сұрайды. Сонда Қожанасыр:

-Біріншіден, қалталарыңнан шығын шығарғандарың үшін уағызды өте мұқият тындадыңдар.


Екіншіден, қалтасында алтыны бар адам басқаша сөйлей бастайды" - деп жауап берген екен.



Алаш қозғалысы

1917 жылы шілде айында Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық I съезден Алаш партиясы құрылды, ал 1917 жылы желтоқсанда Алашорда атты үкімет құрылды. Міне осы екі оқиғаны біріктіріп Алаш қозғалысы деп атаймыз.





Алаш партиясының құрылғанын жариялаған соң Алаш қайраткерлері партияның бағдарламасын жасап оны партияның органы "Қазақ" газетінде жариялайды. Бағдарламаны бүкіл халық болып талқылап 1917 жылы желтоқсанда болған партияның II съезі бекітеді. Партия бағдарламасы 10 баптан тұрады.

Бірінші бапта қазақ елінің тәуелсіздігі туралы мәселе сөз болады. Алаш қайраткерлерінің ойынша Ресейде буржуазия үкімет басына келіп буржуазиялық-демократиялық федеративтік республика орнайды да Қазақстан автономиялы республика ретінде Ресейдің құрамына кіреді, сөйтіп қазақ халқының тәуелсіздігі туралы мәселе шешілерді деп есептеді.

Қазақтың автономиялы республикасы 1917 жылы құрылған Алашорда үкіметі еді.

- Бірақ оқиғаның алдағы барысы басқаша болды. Ресейде үкімет басына буржуазия емес, жұмысшы табы /коммунистер басқарған/ келді де Алаш қайраткерлерінің бұл үміті ақталмады.
- Бағдарламаның басқа баптарында білім, жер және т.б. мәселелер көрініс тапты. Қазақстанда **ана тілінде, ақысыз білім беретін орта мектептер, университет болатыны, жер жеке меншікке берілмейтіні** айтылды.
- Алаш партиясы жарғысы, мүшелері, орталық және жергілікті органдары, баспа органы бар әдеттегі саяси партия болды. Алаш партиясын **ғалымдар ұлттық-демократиялық сипаттағы партия** деп есептейді.
- 1917 жылы желтоқсанда болған Алаш партиясының екінші съезі Алашорда үкіметін орнатады. Үкімет басқармалары 25 адамнан құралады деп есептеп басқарма мүшенің **он орнын қазақтарға**, қалғанын Қазақстанды мекендеген **басқа ұлт өкілдеріне** береді.
- Алашорда үкіметінің төрағасына Әлихан Бөкейханов сайланады.

- Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің басшы қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Х.Ғаббасов, Ж.Досмухамедовтар, М. Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, А. Ермеков, М.Шоқаев, С.Асфандияров және тағы басқалар.
- Алаш партиясы орнаған соң ұзамай Қазақстан азамат соғысы жағдайында болғандықтан саяси, әлеуметтік-экономикалық салада ауыз толтырып айтарлықтай шараларды жүзеге асыра алмады. Алаш қозғалысының барлық іс әрекеті Алашорда үкіметі арқылы жүрілді.
- Алаш партиясының II съезінің қаулысына сай Алашорда үкіметі милиция түрінде өзінің қарулы күшін құрды. Алаш қайраткерлері қазан төңкерісін, оның нәтижесінде дүниеге келген кеңес үкіметін мойындамады.

- Осыдан келіп кеңес үкіметіне қарсы күресу туралы шешім туындайды. Азамат соғысы жылдарында Алашорда үкіметі өзінің қарулы күшімен ақтарды қолдап, кеңес үкіметіне қарсы күреседі.
- Бұл жағдай кеңес үкіметінің Алаш қозғалысына қарсы әрекет жасауына әкеп соғады. 1919 жылы Кеңес үкіметі Алаш партиясын таратып, Алашорда үкіметін құлату туралы шешім қабылдайды.
- Кеңес үкіметі кезінде Алаш қайраткерлеріне буржуазияшыл-ұлтшылдар, контрреволюционерлер, шет ел тыңшысы деген жала жабылып қуғын-сүргінге ұшырайды, сотталады, ақыры 1937 жылғы жаппай қуғын сүргін кезінде олардың көпшілігі атылады.

Үш жүз социалистік партиясы

- Кеңес үкіметі, коммунистік идеология, қазақ халқының болашағы туралы мәселеде қазақ интелгенциясы екі топқа бөлінді.
- Коммунистік идеологияға қарама-қайшы бағыт ұстағандар Алаш қозғалысының маңына топтасты да, Кеңес үкіметін, коммунистік идеологияны жақтаушылар үш жүз социалистік партияның маңына топтасты.
- Қазақ интеллигенциясының басым көпшілігі, неғұрлым зиялылары Алаш идеясына ден қойды.
- Үш жүз социалистік партиясы да Алашпен бір деңгейде, 1917 жылы желтоқсанда құрылды.
- Бұл партия өз көзқарасын өзінің органы "Үш жүз" газеті мен жергілікті коммунистік бағыттағы газеттер арқылы жария етіп отырды. Партияның басшысы М.Айтпенев, оның орынбасары К.Тоғысов болды.

- Партия өз бағдарламасын жариялады. Бағдарламада қазақ халқы өзінің автономиялық мемлекетін құрып Түркістан федерациясының құрамына кіреді де, ол Ресейдің қарамағында болады, осындай жолмен **қазақ халқының тәуелсіздікке қолы жетеді деп** есептеді.
- Үш жүздіктер өзінің бағдарламасы, көзқарасы жөнінен әуелі солшыл есерлерге жақын болады да, соңынан коммунистердің бағдарына көшті. Партия бес-ақ ай өмір сүрді.
- Партия басшыларының арасындағы ауыз бірліксіздік, партиялық мансапқа таласушылық бұл партияның ыдырауына әкеп соқты. Өзі өмір сүрген 5 айдың ішінде Үш жүз партиясы Алаш партиясына қарсы ымырасыз күрес жүргізді.
- Сондай-ақ кеңес үкіметін, оның жүзеге асырып жатқан шараларын қолдауға өзінің барлық іс-әрекетін бағыттап отырды.

Қазақстан азамат соғысы жылдарында

- 1917 жылы қазан айында болған төңкеріс кезінде үкімет билігінен айрылған буржуазия мұнымен ымырласқысы келмеді. Бұл тап өз қарулы күшін жасақтап кеңес үкіметіне қарсы күресті.
- Буржуазияның қарулы күші ақгвардияшылар деп аталды. Коммунистер бастаған жұмышы табы қызыл армия бөлімдері арқылы ақгвардияшыларға қарсы күресті. Сөйтіп бір елдің ішіндегі азаматтардың соғысы басталды.
- Қазақстанда азамат соғысының алғашқы ошағы 1917 жылы Орынборда казак әскерлерінің атаманы Дутовтың жергілікті кеңес үкіметін құлатуымен басталды.

- Мұан соң Жетісу, Орал, Ақмола, Семей, облыстарында ақтар кеңес үкіметін құлатып буржуазиялық үкіметтер орнатты. Шет ел интервенциясы, Чехословакия корпусының бүлігі ақ гвардияшылардың күш алуына көмектесті.
- 1918 жылы жазда Жетісу облысының азғантай жері мен Сырдария облысында ғана Кеңес үкіметі сақталып қалды. Ақгвардияшыларға Қазақстанда алашорда үкіметі көмектесті.
- Қызыл Армия бөлімдерімен бірге қазақ халқы ақгвардияшыларға қарсы күресті. 1919 жылдың ақырында Қазақстанның көпшілік бөлігі ақтардан азат етілді.
- 1920 жылы Жетісудағы азамат соғысының ақгвардияшылдар фронты талқандалып азамат соғысы аяқталды.

Әскери коммунизм саясаты

- Азамат соғысы кезінде елдің барлық экономикалық ресурсын соғыс мүддесіне жұмылдырып, соғысып жатқан Қызыл армияны азық-түлік, киім-кешек, қару-жарақпен қамтамасыз қажет болды.
- Осы мақсатпен кеңес үкіметі әскери коммунизм саясаты ету деп аталатын шараларды жүзеге асырды.
- Бұл саясат соғыс жағдайына байланысты жүргізуге мәжбүр болған төтенше және уақытша саясат еді.
- Кеңес үкіметі Қызыл армияны нанмен қамтамасыз ету үшін үстем таптың, ең әуелі кулактардың тығып отырған астығын күшпен алды.
- Ол үшін жұмысшы отряды дегенді құрып кулактардың қоймаларын тінтіп жасырған астықтарын үкіметке тікелей тәркіледі. Бұл шара Қызыл армияның қажетін толық өтей алмады. Сондықтан салықты салғыртпен ауыстырды.
- Салық шаруалардың өндірген астығының бір бөлігін ғана алса салғырт кезінде өнімнің азғантай бөлігін ғана шаруаға қалдырып басқасын түгелдей үкіметке алды.

- Еңбек міндетін енгізді. Еңбек жасындағы барлық адам еңбек етуге міндетті болды. Көлік міндетін енгізді. Көлігі барлар /машина, арба т.б./ әскердің және өнеркәсіп орындарының отынын, жүгін тасуға міндетті болды. Еркін саудаға шек қойылды.
- Азық түлік адамдардың таптық белгісіне қарай бөлінді. Мәселен нан бөлгенде жұмысшының, қызыл армия жауынгерінің, шаруалардың нормасы көп болды да бұрынғы үстем тапқа жататындардың нормасы аз болды.
- Натуралдық айырбас енгізілді. Жұмысшылардың айлығы өніммен берілді. Жоғарыда аталған және тағы басқа төтенше шаралардың жиынтығын әскери коммунизм саясаты деп атайды.
- Бұл атау коммунизмнің принциптерін күшпен енгізу деген мағына береді. Әскери коммунизм ұзақ уақыт жүргізуге болмайтын еді. Азамат соғысы аяқталысымен бұл саясат өзгертілді.

Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы

- 1920 жылы көктемде Қазақстанда азамат соғысы аяқталған соң ақгвардияшылар құлатқан Кеңес үкіметін қайта құру басталды.
- 1919 жылы шілде айында РСФСР-дың Халық комиссарлар кеңесі қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитет /казревком/ құру туралы шешім қабылдады.
- Қазревкомның негізгі міндеті Қазақстан кеңестерінің құрылтай жиналысын шақыру дайындығын жүргізіп Қазақстанда Кеңес үкіметін орнату болды.
- Қазревкомның тағы бір міндеті қазақ жерлерін біріктіру, оның территориялық тұтастығын қамтамасыз ету болды.

- Казревком 1919 жылғы шілдеден 1920 жылғы қазанға дейін 15 ай өмір сүрді. Осы уақыттың ішінде қазақ автономиялы республикасын жариялауға байланысты қыруар жұмыс атқарды.
- 1920 жылы 26 тамызда Бүкіл Ресейлік Орталық Атқару комитеті мен халық комиссарлар Кеңесі Қырғыз автономиялық Советтік Социалистік республикасын құру туралы декрет қабылдады.
- Бұл республика РСФСР-дың құрамында болды да астанасы Орынбор қаласы болып белгіленді. 1920 жылы қазан айында болған Қазақстан кеңестерінің құрылтай жиналысы Орталық Атқару комитетін құрып оның төрағасына Меңдешовты сайлайды.
- 1925 жылы Қазақстанның екінші астанасы Ақмешіт қаласында болған Қазақстан кеңестерінің V съезі Қазақстанның жаңа астанасын Қызылорда деп өзгертіп қазақтардың тарихи атын қалпына келтірді.
- Осы кезден Қазақстандағы Кеңес мелекеті Қазақ АССР болып аталды. 1936 жылы Қазақстан Одақтас республика болып құрылып СССР-дың тікелей құрамына енді.

Шаршадым ханзада Жумонг



Шынымен де түсінесің ба?
Онда тынықтыратын музыка қойшы.
Ок



Yuriko_Nakamura_-_16._Memories_of_Love_(Jumong)_[pesnik.su].mp3

Жаңа экономикалық саясат

- Әскери коммунизм саясаты азамат соғысы кезінде армияның қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатын шешкенімен өнім өндірушілердің экономикалық ынтықтығын жойып жіберді.
- Сондықтан Кеңес үкіметі бұл саясатты азамат соғысы аяқталар аяқталмастан жаңа экономикалық саясатпен алмастырды.
- Жаңа экономикалық саясат бойынша азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырды. Еңбек ету әркімнің өз қалауына берілді.
- Көлік міндеттілігі өзгерді, енді әркім өз еркімен пайда табу үшін жүк таситын болды.
- Еркін сауда енгізілді, өнім өндіруші өндірген өнімнің өз қажетінен артылғанын базарға шығарып сатып пайда табуға мүмкіндік алды.

- Аталмыш шаралар өнім өндірушінің экономикалық ынтықтығын арттырды. Бұл өнімнің молаюына әсер етті.
- Әрбір өнім өндірушінің ынтықтығы артып өнімнің молаюы бүкіл елдің экономикасын жандандырды.
- Экономикалық ынтықтықтың артуы капиталистік қатнастарды тудырды. Сауда, алыпсатарлық, базар дамыды, нарықтық қатнас қалыптаса бастады.
- Бұл Кеңес Одағына, социализмге қауіпті көрініс еді.
- Сондықтан Кеңес үкіметі ұзамай жаңа экономикалық саясаттың арғарай өрістеуіне тыйым салып экономиканы бір орталықтан жоспарлы түрде басқаратын қатал жүйені енгізді.

Жер-су реформасы

- Патшалы Ресейдің жер саласындағы саясатының салдары қазақ халқы үшін өте ауыр болды. Бұл жағдай кеңес үкіметі орнаған соң да оңалмады.
- 1921 жылы ҚАССР-ның Орталық Атқару Комитеті жерді мемлекеттік қор деп жариялады. Бұл шешім бойынша жерді өз бетімен меншіктенуге, сатуға, сатып алуға тыйым салынды.
- Дегенмен бұл шара қазақтардың жер саласындағы теңсіздігін жоя алмады.
- 1921 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті қоныс аудару басқармасының қарамағындағы игерілмеген жерлер, помещиктер мен кулактардың жерлері, нормалардан артық жерлерді қазақтарға қайтарып беру туралы декрет қабылдады.

- Жер-су мәселесін түпкілікті шешу үшін 1921 ж. Жетісу, Сырдария облыстарында жер су реформасы жүрілді.
- Оңтүстікте суармалы егістік болғандықтан жер мен судың маңызы бірдей еді. Сондықтан реформа бойынша жерді ғана емес, суды да баяу қажет болды.
- Бұл реформаны ұйымдастыру Сұлтанбек Қожановқа жүктелді.
- Реформаны жүргізу үшін жергілікті жерлерде "қосшы" одағы құрылды. Осы одақтың көмегіне сүйенген қазақтар өздерінің бұрынғы жайылым, егістік жерлерін қайтарып алды.
- Жер су реформасы 1922 жылы аяқталып тек Жетісуда қазақтар 134 мың десятина жер алды.

- Жер-су реформасын ұйымдастырған С. Қожанов жер мәселесін шешу үшін орыс шаруаларын, кулактарды кері қоныстандыруды ұсынды.
- Бұлкен дау туғызды. Москвадан арнайы комиссия келіп орыс кулактарының талабын қолдады.
- С.Қожановқа кейін "Қожановшыл" деген айып тағылды.
- Дегенмен жер су реформасы қазақ халқына өз нәтижесін берді деп айта аламыз.
- Патша үкіметінің тұсында жерлерінен айырылған қазақтар оның біразын болса да қайтарып алды.

Тыңдағандарыңыз үшін
РАХМЕТ